

Ақтөбе облысы, Әйтеке би ауданы, Сұлуқөл ауылы, Д.Қонаев көшесі, 16
телефон: 8 (713)39-41-125, факс: 8 (713)39-41-125

Сұлуқөл ауылы

02.09.2024

Бұйрық № 44н/к

2024-2025 оқу жылына арналған

тамақтандыруды ұйымдастыру туралы

«Білім туралы» ҚР Заңының, ҚР Білім және ғылым министрінің 2018.31.10 № 598 бұйрығымен бекітілген Орта білім беру ұйымдарында білім алушыларды тамақтандыруды ұйымдастыру, сондай-ақ мектепке дейінгі ұйымдарда, жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған білім беру ұйымдарында тәрбиеленетін және білім алатын балаларды тамақтандыруды қамтамасыз етумен байланысты тауарларды сатып алу қағидаларының және ББ-ның 2020 ж. «24» сәуірде № 158 бұйрығының негізінде

БҰЙЫРАМЫН:

1. Директордың ОПІ жөніндегі орынбасары Танай Ж., әлеуметтік педагог Жубатканова Н.К, 2024жылғы 2 қыргүйектен бастап 1–11-ші сынып оқушыларын ыстық тамақтандыруды ұйымдастырсын.

Әлеуметтік қорғалмаған санаттан шыққан оқушыларды тегін және жеңілдікпен тамақтандыру бойынша мемлекеттік қызметтің сапалы көрсетілуін қамтамасыз етсін.

2. Оқу жылының басында ата-аналар қоғамы мен мектеп әкімшілігі қатарынан бракераждық комиссия құрсын, ол дайын және шикі өнімнің сапасын бақылайды, асханада санитариялық-гигиеналық нормалардың сақталуын қадағалайды.

3. 2024-2025 оқу жылы мектеп бойынша тамақтандыруды ұйымдастыруға жауапты етіп тағайындалсын – әлеуметтік педагог Жубатканова Н.К.

4. Медициналық жұмыскер Манапов А. мен тамақтандыруға жауапты тұлға оқушыларды тамақтандыру кестесін әзірлесін, оқу жылы бойы бекітілген апталық мәзір мен перспективалық мәзірі болсын, СанЕҚ талаптарына сәйкес бракераждық журналдарды, денсаулық журналдарын жүргізсін.

5. Директордың ӘШБ жөніндегі орынбасары Жарасбекова Г. мен медициналық қызметкер ас блогындағы жабдықтың тізімін жасасын, санитариялық нормаларды қатаң сақтасын, жыл бойы мектеп бойынша су ішу режимін сақтасын, қажет кезде ем дәмдік үстелді ұйымдастырсын.

6. Бағдарламалық қамту маманы Нураева Г. мектеп сайтында «Мектепте тамақтандыру» айдарын ашсын және мектепте тамақтануды ұйымдастыру бойынша ақпаратты, мәзірді, бракераждық комиссия құрамын және т. б. орналастыруды қамтамасыз етсін.

7. Әкімшілік пен педагогтардың асханадағы кезекшілік кестесін бекітсін.






8. Асхана меңгерушісінде сәйкес құжаттар мен тәуліктік сынамалар болуы тиіс, ас блогы мен ас ішу залында санитариялық нормаларды қатаң сақтасын.

9. Осы бұйрықтың орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.



Сұлуқөл ЖОББМ-нің директоры:  Утегенова А

Бұйрықпен танысты:

 Танай Ж.
 Жубатканова Н.К.
 Манапов А.
 Жарасбекова Г.
 Нураева Г.